



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 11 (161), 2021
Қараша
Ноябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қантар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006
года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік
педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический
педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

К. Жабагина	
Білім мен тәрбиені ұштастырған ұстаз.....	3
А. Кусбекова	
Садово-парковое и ландшафтное строительство в профессиональной деятельности.....	4
А. Айтбаева	
Білім биігін жаңаша бағындырайық!.....	8
А. Жумабаева	
Ұлы ұстаз – Ы. Алтынсарин идеяларының қазіргі заманмен үндестігі.....	10
Г. Издибаева	
Мектепте және мектептен тыс орындалатын жұмыстар барысында оқушыларға эстетикалық тәрбие беру.....	12
Ж. Нурғалиева	
Оқытудың интербелсенді әдістерін сабақта пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту	15
М. Бубетаева	
Бала өміріне ертегі айтудың маңыздылығы	19
Б. Назирова	
Биология сабақтарында презентацияны қолдану арқылы білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру	21
М. Нұрекенова	
Шикізатты дайындау және қамыр илеу	23
К. Жабагина	
Стили ландшафтного дизайна	27
А. Кабдрахманова	
Проектирование объектов ландшафтного дизайна	30
А. Нурумбаева, Е. Горбунова, Е. Егорова, Л. Майборода	
Путевка в жизнь.....	33
Э. Чинибаева	
Применение ИКТ как средство развития познавательной деятельности учащихся начальных классов.....	34
Б. Мейрамова	
Жаңа білімге заманауи көзқарас	37
Д. Издибаева	
Балада қабілеттің дамуы	39
Л. Ахметова	
Д дыбысы және әрпі.....	41
М. Джумалиева	
Ньютонның үшінші заңы	44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10965-Ж
куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
01.11.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекенжайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 01.11.2020 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Білім мен тәрбиені ұштастырған ұстаз

КУСБЕКОВА Акмарал Шайкеновна — 31 жыл жұмыс өтілі бар тәжірибелі ұстаз, 2019 жылға дейін Шәкәрім атындағы Семей университетінің агро технопарк ғылыми-орталығында аға оқытушы қызметін атқарған. Екі жоғары білімі бар, педагогика ғылымдарының магистрі, 2018 жылы Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғызстан Ұлттық университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен. 2019 жылдың қыркүйек айынан бастап «Бесқарағай колледжі» КММ-де арнайы пәндер оқытушысы қызметін атқаруда.

Акмарал Шайкеновна еңбек жолында талай жетістіктерге жетіп, білім берудегі инновациялар тақырыбында халықаралық, республикалық конференцияларға қатысып, жинақтарға мақалалары жарияланған. Мұғалімдерге арналған «Педагог», «Мектептегі психология» республикалық журналдарында үнемі мақалалары жарық көреді. Сонымен қатар, колледжішілік, облыстық, республикалық сайыстар мен конкурстарға қатысып, колледждің абыройын көтеріп жүрген ізденімпаз ұстаз.

2020 жылы «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінде «Педагог-зерттеуші» номинациясы және Шығыс Қазақстан облысының техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытуда және білікті маман даярлауда қосқан үлесі үшін Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы басшысының грамоталарымен, Өңірдің білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін Білім және ғылым министрінің грамотасымен марапатталды.

Акмарал Шайкеновнаның негізгі мақсаты — студенттердің шығармашылық қабілетін, өздік танымдық біліктілігін дамыта отырып, білім сапасын арттыруды ұйымдастыру. Акмарал Шайкеновна орта білім мазмұнын жаңарту аясында өткізілген біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, сабақтарын жаңа сарын-



Акмарал Шайкеновна КУСБЕКОВА,
п.ғ.м., «Бесқарағай колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
арнайы пәндер оқытушысы.

мен, белсенді оқыту арқылы өткізуде. Сабақ беруде мастер-сабақ, интербелсенді әдістерді үнемі қолданады. Студенттерге теориялық біліммен қатар, практиканы «World Skills» стандарттары бойынша сапалы ұйымдастыруға ат салысады. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттеріне арналған «World Skills Shigis» өңірлік чемпионатына студенттерді дайындап, «Флористика» күзі-



реттілігі бойынша студент Мищенко Елена 3-орынды иеленді. Сонымен қатар, бірқатар студенттерді халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатыстырып, мақалалары ғылыми жинақтарға жарияланды. Оқу-әдістемелік жұмыстарды да қатар ала жүріп, колледж мамандықтарының студенттеріне арналған «Фермер шаруашылығы», «Садово-парковое и ландшафтное строительство», «Биология» пәні бойынша оқу құралдары дайындалып, ТЖКБ сараптамалық кеңесіне тексеріліп, жарияланымға бекітілді.

Кусбекова Акмарал Шайкеновнамен Шәкәрім атындағы Семей университетінің ғалымдарымен бірлесе отырып, 2019 жылдан бастап гранттық жоба аясында Бескарағай ауданында «Лана» жеке шаруашылығында ғылыми жұмыстар жасалынды. «Жеміс-көкөніс өсіруші», «Ландшафт дизайны бойынша көгалдандырушы» мамандықтарының студенттерімен абаттандырумен айналысып, колледж ауласында гүл бағы жасалынды. Акмарал Шайкеновна

жетекшілігімен оқу ғимаратының 3-қабатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өсімдіктерді пайдалану арқылы ландшафтық дизайн жобасын жасадық.

Акмарал Шайкеновна студенттермен қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, мінезі ашық, жас мамандарға тәлімгерлік көмек көрсетеді. Ұжыммен тіл табысқыш, ибалы, кішіпейіл, қарапайым оқытушы. Білімін үнемі жетілдіріп отыратын, білім мен тәрбиені ұштастырған ұстаз.

Кусбекова Акмарал Шайкеновна заман талабына сай, қоғамға лайықты білімді де, білікті оқытушы маман екеніне сенімім мол.

**Әріптесіме деген ізгі ниетпен,
Куралай Талгатовна ЖАБАГИНА,
«Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КЕАҚ оқытушысы.
Семей қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.**



Садово-парковое и ландшафтное строительство в профессиональной деятельности



**Акмарал
Шайкеновна
КУСБЕКОВА,
преподаватель
специальных
дисциплин
КГУ
«Бескарагайский
колледж» УО ВКО.
Бескарагайский
район,
Восточно-
Казахстанская
область.**

Сфера ландшафтного дизайна и строительства в настоящее время актуальна и востребо-

вана. Дело в том, что современному человеку необходим не только комфорт, но и эстетический аспект. Ландшафтный дизайн является важной областью деятельности ландшафтного архитектора, архитектора-дизайнера и частично инженера зеленого строительства.

Ландшафтная архитектура решает вопросы формирования и сохранения ландшафтов с различными соотношениями природных и искусственных компонентов.

За последнее столетие сфера деятельности ландшафтной архитектуры значительно расширилась. Ее объектами являются все более обширные городские и загородные пространства.



Развитие ландшафтной архитектуры, расширение круга ее объектов и задач привело к выделению в ней самостоятельных направлений, и в частности ландшафтного дизайна. Ландшафтный дизайн — творческая деятельность, направленная на формирование искусственной архитектурной среды с использованием средств декоративного озеленения, геопластики, малых архитектурных форм, декоративного покрытия, визуальной коммуникации. Ландшафтный дизайн — новое направление ландшафтной архитектуры и ее необходимое ответвление.

Многие из приемов ландшафтного проектирования итальянских, французских парков, английских и японских малых садов и других объектов могут быть использованы и в настоящее время. Современный ландшафтный дизайнер, безусловно, должен опираться на богатую традицию садово-паркового искусства прошлого и владеть всеми необходимыми знаниями проектирования средовых объектов. Для создания гармоничных ландшафтных объектов необходимо, прежде всего, знание основ архитектурной композиции, художественного цикла дисциплин, а также дендрологии, агротехники, ландшафтного проектирования. Следует также изучить историю развития ландшафтной архитектуры.

Главная задача ландшафтного дизайнера — организовать пространство в соответствии с функциональными, экологическими и эстетическими требованиями, создать его яркий художественный образ и вызвать у человека положительные эмоции.

Цель ландшафтного дизайна — органичное слияние архитектуры с природными элементами.

Целью исследования моей работы является разработать, научно обосновать и экспериментально проверить модель подготовки методики преподавания ландшафтного дизайна.

Для осуществления данной цели необходимо решить следующие задачи:

1. Изучить необходимую психолого-педагогическую литературу для достижения максимального развития дизайнерского мышления;

2. Изучить практический опыт работы в сфере проектировании ландшафта;

3. Разработать методические рекомендации, направленные на формирование дизайнерского мышления.

Для студентов уже на начальных этапах изучения при главной задаче — освоение первых профессиональных представлений о дизайн — деятельности и первоначальных навыков проектной работы — ставятся перспективные и емкие задачи, такие как воспитание в будущем специалисте мобильности его профессиональных знаний и умений, освоение им наиболее общих принципов мышления и методов творчества.

Объект исследования: процесс разработки методики преподавания ландшафтного дизайна. Художественно-конструкторская деятельность студентов на занятиях ландшафтного дизайна и как необходимо преподнести материал студентам художественных специальностей с наибольшей эффективностью перспективного развития будущего специалиста в области дизайна.

Предмет исследования: система подготовки будущих специалистов в области ландшафтного дизайна.

Гипотеза: если разработанная в ходе исследования методика преподавания ландшафтного дизайна будет способствовать развитию дизайнерского мышления у студентов, то мы достигнем главной цели любого учебного процесса — выпуску перспективных специалистов в области ландшафтного дизайна с принципиально новыми и прогрессирующими идеями в области полученной специальности.

Методы исследования: аналитический, метод сравнения, обобщения и систематизации.

Анализируя источники, мы наталкиваемся на мысль, что существует множество различных оснований для дальнейшего развития и усовершенствования методик в преподавании дизайна как в высших, так и в средне-специальных учебных заведениях. Особенностью данной работы является создание наиболее продуктивной методики преподавания проектирования ландшафта, что будет



способствовать выпуску нового поколения высокоспециализированных ландшафтных дизайнеров.

Впервые термин «ландшафтный дизайн» появился чуть больше чем сто лет назад в США, когда там началась закладка первых национальных парков, но это не означает, что история ландшафтного искусства такая короткая. Отнюдь, своими корнями она уходит в далекое прошлое и имеет богатый опыт и бесценное наследие, которое дошло до наших дней.

История ландшафтного дизайна берет свои истоки с периода расцвета государств Ассирии и Вавилонии (Государства Двуречья). Этот период именуется как Ассиро-Вавилонская культура (8-7 в.в. до н.э.). Основным строительным материалом был сырцовый кирпич. Это был непрочный материал, поэтому он явился причиной быстрого исчезновения памятников архитектуры. Города Двуречья имели округлую, а позднее прямоугольную форму, их окружало кольцо крепостных стен, иногда двойное или тройное. В развитии композиции в архитектуре применялось поперечное развертывание пространства. Для этого периода характерно строительство на террасах. Это искусственные насыпные платформы, которые возвышаются над поверхностью улиц. Этот принцип применялся при строительстве храмов-зиккуратов, имеющих вид ступенчатых башен. Они представляли собой ряд убывающих, поставленных одна на другую квадратных или прямоугольных платформ. Верхняя платформа завершалась как правило храмом. На выступающих частях нижних платформ по периметру высаживали растения в специально устроенные ямы, которые наполнялись растительной землей.

Особой известностью пользовались «висячие сады» Семирамиды. Они были созданы во дворе Южного дворца (605-562 гг. до н.э.) Навуходоносора II. Сады представляли собой ряд возвышающихся террас. Сад примыкал к северо-восточному углу городских стен. Его южная часть выходила к дворцовым покоем. Устраивался он в виде четырех ступенчатых террас,

которые сужались кверху. На нижних террасах сажали деревья, а на верхних — кустарники и цветы. Идея создания террасированных садов, или «висячих садов», оказалась достаточно плодотворной. Далее она нашла свое развитие в садах Персии, Италии, России («верховые» сады Московского Кремля в конце 17 в.).

Также в Ассиро-Вавилонской культуре существовал обширный парк, созданный ассирийским царем Саргоном II в 8 веке до н.э. у города Хорсбада. В нем были высажены деревья, привезенные из других стран: кипарисы, кедры, платаны, ивы, тополя, самшит, некоторые плодовые. Существовали и обширные парки, предназначенные для охоты и прогулок верхом. Эти парки являются прообразами лесопарков.

Египет

В египетском государстве вместе с развитием градостроительства, архитектуры и растениеводства развивалось и садовое искусство. В Древнем Египте сады в ландшафтном дизайне формировались по следующим принципам:

Регулярный план. Он включает использование симметрии, т.е. осевое построение композиции.

Формируются замкнутые композиции.

Водоемы — главная часть сада.

Ритм используется как композиционный прием.

Аллеи и рядовые посадки.

В ассортименте растений используются экзоты.

При дворцах, храмах и жилых домах состоятельных владельцев создавались сады. Они и составляли зеленое оформление города. Древнеегипетский сад характеризовался органичным слиянием религиозных, утилитарных и эстетических функций.

Древняя Греция.

В Древней Греции садовое искусство связано с завоевательными походами Александра Македонского. В древнегреческий ландшафтный дизайн было включено азиатское садовое искусство. Древняя Греция характеризовалась такими типами озеленения, как героны (священные рощи), философские сады



и частновладельческие сады. Герроны носили чисто мемориальный характер: скульптуры, архитектурные сооружения, лесные массивы с источниками. Священные рощи носили мемориальный характер, со временем они превратились в спортивные парки. Для ученых бесед создавали философские сады. Городские площади озеленяли рядовыми посадками вдоль дорог. Частновладельческие сады носили утилитарный характер, цветочные растения — их основное озеленение. Сады в ландшафтном дизайне Древней Греции были строго пропорциональны. Для их создания использовались принципы равновесия, ритма и симметрии. В древнегреческих садах, в отличие от Египта, использовали террасирование. На террасах высаживали большие деревья, цветы, устраивали фонтаны. Здесь усматривается более свободная композиция, декоративность, нагромождение зеленых масс, витые лестницы, много украшений.

Древний Рим

Римское садово-парковое искусство отличается от греческого многими элементами, например, они использовали монументальные и грандиозные конструкции ландшафтной архитектуры в композициях, то есть они как бы старались «подчинить природу». Многочисленные виллы у состоятельных людей включали больше разнообразных декоративных работ: фонтаны, каскады воды, разбитые цветники, искусство стрижки деревьев и кустарников, перголы, крытые аллеи, декоративная скульптура, скамьи и многое другое. Широким был и ассортимент сажаемых кустарников, деревьев, цветов. Свидетельством высокого развития ландшафтной архитектуры являются термы (банные комплексы) с садами, около 700 бассейнов, 500 фонтанов и акведуки. Даже до сих пор многие мосты и акведуки служат для транспортных перемещений. Многие приемы создания регулярных садов, парков, работ с землей, растениями и водными конструкциями берут начало в античности и служат основой создания искусственной среды. В последнем десятилетии XVIII в. новые веяния Английской куль-

туры привели к возникновению пейзажного стиля ландшафтного дизайна. За основу выбрана естественность. Устраиваются поляны и лужайки, посадки деревьев — групповые, дорожки криволинейные, водоемы — с извилистыми берегами. Используются малые архитектурные формы — беседки, павильоны, трельяжи. Наиболее известными представителями нового направления в ландшафтном дизайне стали Уильям Кент и Ланселот Браун. Созданная Кентом концепция планировки сада построена на утверждении, что природе не свойственна прямая линия. Браун был автором знаменитого сада в Латон, расположенного на площади в 1600 акров. В саду много интересных водоемов, посадок на холмах, извилистых лощин, по которым разбросаны группы деревьев. Здесь же — великолепные образцы каменистых и водных растений, розарий, лесистая часть сада с цветущими кустарниками (махровая вишня, рододендроны и азалии). Луковичные растения высажены на лугах в тени деревьев. Планировка садов и парков в пейзажном стиле проводилась масштабно, включая в себя устройство озер путем строительства дамб на небольших реках, перекапывание огромного количества земли, посадку лесов, которая велась не бессистемно, а в соответствии с высокими эстетическими требованиями. В начале XIX в. начал падать интерес к манере Брауна в ландшафтной архитектуре. Возник викторианский сад с симметричными посадками однолетних растений, в котором все прочие компоненты были подчинены расположению цветников. Но в таком виде сад просуществовал недолго. Основной вклад англичан в развитие ландшафтного дизайна — это газон и бордюр из однолетних травянистых растений. Принципы формирования ландшафта, использованные в пейзажном стиле, распространились на всю «западную» цивилизацию и до сих пор пользуются заслуженной популярностью. Необходимо отметить, что ландшафтное искусство на Востоке (Китай, Япония, Корея), развивавшееся своим оригинальным путём, остановилось на принципах, по смыслу, схожих с концепцией естественности. В ходе XIX-го столетия городская жизнь



становилась всё более масштабной, это привело, к соединению городского архитектурно-планирования с традициями ландшафтного садоводства, и придало ландшафтной архитектуре и дизайну нынешний уникальный статус. Следуя данным тенденциям, во второй половине XIX-го века Американский архитектор Фредерик Лоу Олмстед завершил серию парков, которая и поныне оказывает огромное влияние на ландшафтную архитектуру. Среди его работ можно выделить Центральный Парк в Нью-Йорке, Проспект Парк в Бруклине и парковую систему в Бостоне, так называемое «Измурдное ожерелье». На рубеже XIX-XX вв.

родилось и перемешалось множество стилей и направлений ландшафтного искусства, большинство из них были скоротечны, но некоторые из них прижились и хорошо нам известны, такие как, например — модерн. В XX веке ландшафтный дизайн развивался и видоизменялся, постоянно откликаясь на веяния технического и культурного прогресса, воплощая в себе эмпирические модели быстро изменяющегося мира, естественно переводя нас, в нынешнюю постмодернистскую эпоху. Садово-парковое искусство Эпохи Возрождения характеризуется планировочным и композиционным единством архитектурных ансамблей.



Білім биігін жаңаша бағындырайық!



**Айнур
Күмісбекқызы
АЙТБАЕВА,
№1 ЖОББМГ
директорының
тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.**

Білім — адам өмірінің ажырамас бір бөлігі. Білімсіз адам — қанатсыз құспен тең. Халық даналығы «Білімсіздің күні қараң» деп жатады. Технологияның қарқынды дамуына қарай, әлем бойынша дәстүрлі оқыту формасы жиі өзгерістерге ұшырап, талап бұрынғыдан да жоғарылай түсуде.

Бұрын кітап, оқулықтарды, әдеби шығармаларды оқып, әңгімелейтін еді, қазіргі таңда сол оқығанымызды челлендж жасап, видеоролик түсіріп, тарихи даталарды қосып,

жатқа мәнерлеп оқып қана қоймай, сценарий әзірлеп, кәдімгі режиссерлар сияқты, кино, қысқаша бейнефильм сабақтар түсіруге тура келуде. Бұл — заман талабы. Қашықтан оқыту мұғалімдерге жаңа дағдыларды игеруге, кәсіби дамуға мүмкіндік беріп жатыр. Ізденістің, жаңашылдылыққа ұмтылыстың нәтижесінде әрбір ұстаз, жаңа технологияларды еркін үрдіспен түсініп, кәнігі репетитор, кез келген оқушыны жан-жақты дайындай алатын толыққанды маманға айналды. Жаңа ғасырдың, жаңа заманның жаңашыл ұстаздарының қатары осылайша толыға түсті. Елдегі пандемиялық жағдайға байланысты карантиндік режим онлайн оқыту жүйесімен табыстырып, білім берудің үйден шықпай-ақ, көшінен қалмауды үйретті! Дәстүрлі оқуға көшсек те, бүгінде қосымша білім алғысы келетін жандардың саны артуда. Осы орайда Daryn Teacher платформасының жұмысын атап айтсам болады. Daryn Teacher платформасы қалай жұмыс істейді? Бұл платформада үздік ұстаздар білікті репетитор ретінде өздерінің пәндеріне сәйкес қызметтерін ұсынады, са-



бақ өтетін кестесін оқушымен келісіп, керек мәлімет алып, дайындайды және нәтижесі үшін сертификат береді. Республика бойынша кез келген ата-ана, оқушы өзі көріп, ұнаған ұстазбен дидактасып өздеріне қажет пән бойынша ұстаздарды тандап, сұрақтары бойынша хабарласып, білім биігін бағындыра алады. Бұл платформаның тиімділігі — ұстаз оқушының білім сапасын арттырып ғана қоймай, өзі де қосымша табыс табады. Жаңару, жаңарту өте көп, «Ұстазсыз шәкірт тұл», «Ұстаздық — ұлық емес», деген даналық сөздердің, бұл күнгі мәні де, репетиторлар еңбегінің көрінер тұсына жеткендейміз. Алдымыздағы оқушыларға Ұлы Абай айтқан, қанағат, рахым, терең ойдың тіршіліктегі маңыздылығын күнделікті санасына сіңдіре білгеніміз жөн. Жаңа жүйеге, жаңа талаптарға, өмір көшіне ілесе білуге, ұстаздар да, оқушылар да, студенттер де, қарқынды дамыған, дәстүрлі оқыту формасының өзгерісіне қарай, өзгере отырып, білімімізді жаңаша оқытумен шындай берейік!

Ал, енді Daryn Tutor бізге не береді? Қазақстандағы репетиторлар платформасының бірегейі ретінде, олимпиадаларға дайындалу, пән бойынша білімді арттыру, ҰБТ-ға дайындалу, КТ тапсыруға көмектесу, сол сияқты университетке түсуге көмектеседі. Және мектепте балаларды дұрыстауға да үлкен пайдасы бар. Оқу дәстүрлі форматқа өтсе де, әрі тиімді, әрі пайдалы, оқушыларға қосымша білім алу ретінде осы онлайн платформа ауадай қажет екенін іс жүзінде дәлелдеуде. Әр оқушы үшін тиімді. Еліміздегі түрлі зияткерлік мектептердің емитиханына дайындалу, сол сияқты домбыра, гитара, фортепиано, қобыз сынды түрлі аспапта ойнауды үйрететін, сөйлеу мәнеріне, театр өнеріне баулитындар да баршылық. Былайша айтқанда, арнаулы музыка мектебіне барып, әуре болмай-ақ үйде отырып, оқушы білім ала алады. Қай арнауға жақынысыз, жаныңызға жаққан өнер ме, қайсысына бейімсіз, төселгенсіз сонымен табыс табуға барлық мүмкіндік жасалуда. Кез келген адам, тіркеліп, анкета толтырып, қалдыра-

ды, ары қарай, жаңа арнауға түскен білім саласына бет бұрады. Daryn Tutor платформа-сы қосымша білім алу үшін репетитор іздеп сандалған оқушыларға тиімді, себебі қажет репетиторды ата-анасымен үйде отырып тандайды, ақысын келіседі, өзіне ыңғайлы уақыт пен форматты анықтап, келісім бойынша сабақты бастайды және нәтижесін растайтын сертификат алады.

Daryn Tutor платформасының айналысатын жұмысы да, негізгі мақсаты да — үздік ұстаздарды білікті, білімді репетитор ретінде танытып, қоғамды сапалы біліммен қамтамасыз ету, халыққа ең тиімді әрі оңай жолын көрсету, оқушыларға жылдам және нақты көмек беру. Репетитор ретінде тек қана кәсіби мұғалімдер ғана емес, білімді студент жастар да, зейнет жасындағы жұмыс жасағысы келетін ардагер ұстаздар да тіркеле алуы оқытудың тиімділігін арттыра-ры сөзсіз. Қазақстандық ұстаздарымыз да, студенттер бар, мектеп оқушылары бұл үрдіске тез бейімделе қойып, өздігінен іздену, қосымша дайындаушы репетитор мамандардың көмегін қажет ете бастады. Осыған орай, «Daryn Tutor» және «Daryn Teacher» еліміздегі үлкен үздік репетиторлар платформасының қызметін пайдаланайық! Шәкірт қабілетін жан-жақты дамытып, шығармашылығын, ізденімпаздығын ұштай білу үшін ұстаз өзі шығармашыл тұлға болуы тиіс. Демек, бүгінгі заман мұғалімі қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға жауап беретін, жан-жақты білімді, жаңашыл ойлау дағдысын меңгерген, оқушының жан-жақты дамуын ұйымдастыра алатын және ата-аналармен ынтымақтастық орнатуға икемді тұлға болуы тиіс. Ол үшін мұғалім оқыту мен тәрбиенің тиімді жолдарын іздестіріп, өз ісінің хас шебері болуы міндетті. Ендеше, Қазақстанның түкпір-түкпірінен қосылған 50 мыңнан астам білімді ұстаздар арасынан өзімізге, жанымызға жақынын тандап, білімнің асқарлы шындарын, инемен құдық қазғандай, білім биігіне ұмтылайық, Жас Достар!!!



Ұлы ұстаз – Ы. Алтынсарин идеяларының қазіргі заманмен үндестігі



**Айгерим Кайратовна
ЖУМАБАЕВА,
Бородулиха
ауданының білім
бөлімі ММ
«Жезкент орта
мектебі» КММ қазақ
тілі мен әдебиет пәні
мұғалімі.
Шығыс Қазақстан
облысы.**

*«Ыбырай Алтынсарин — Қазақстандағы
халық ағарту ісінің тұңғыш абызы».*

Н.Ә. Назарбаев

Ы. Алтынсарин — ерекше тұлға. Ол жай мұғалім ғана емес, сонымен қатар талантты, әр түрлі қызығушылықтары мен білімі бар, өз өлкесінің тарихын, этнографиясын, фольклорын, әдебиетін жақсы білетін, төрт тілді еркін меңгерген жан. Ыбырай XIX ғасырдағы қазақтардың мәдени өміріндегі жарқын құбылыстардың бірі еді. Ақындық дарынына, кемел ақылына және халқына риясыз берілген, Қазақстанның педагогикасының іргесін қалаған азамат ретінде тарихта мәңгі қалады. Ол өзін мұғалім, этнограф, ғалым, ақын, жазушы, қоғам қайраткері және ағартушы ретінде көрсеткен жан-жақты адам.

Ы. Алтынсариннің педагогикалық мұрасына жүгіну бүгінгі күні аса өзекті. Қазіргі уақытта білімнің тарихи негізіне жүгіну қажет, өйткені тарихи-педагогикалық мұраны түсінбестен жас ұрпақты адам мұраттарына баулу мүмкін емес. Оның философиялық және педагогикалық көзқа-

растардың жеке аспектілері ерекше қызығушылық тудырады және қазіргі адамның рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Алтынсариннің тағдыры кейінгі ұрпаққа тек моральдық үлгі ғана емес, халыққа қызмет етудің де үлгісіне айналды. Ұлы ұстаздың педагогикалық идеяларын бүкіл ұстаздар пайдаланады, өлеңдері мен прозалары халық сүйіспеншілігіне бөленді.

Ыбырай Алтынсарин бүкіл өмірін ғылым мен білімді далаға әкелетін демократиялық интеллигенцияның алғашқы кадрларын даярлауға арнап бар күш-жігерін мектептер ашуға арнады. Сөйтіп төрт екі сыныптық мектеп, жеті болыстық мектеп, Орск қаласындағы мұғалімдер мектебі, Торғайдағы қолөнер училищесін және Ырғызда әйелдер мектебін ашты.

Алтынсарин негізін қалаған қазақстандық қоғамдық мектептер алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетті таратудың алғашқы тіректері болды. Ол тәрбиелеген алғашқы қазақ мұғалімдері Алтынсарин бастаған прогрессивтік істің жалғастырушылары болды.

Ы. Алтынсарин бізді өз мұрасымен білімді және тәрбиелі болуға, оқу үрдісіне білім мен еңбек негізін енгізуге, өз мектебіміздің және өз еліміздің патриоты болуға шақырды. Бұдан біз оқу-тәрбие процесінде инновацияларды, тиімді әдістемелік технологияларды пайдалану үшін үздіксіз педагогикалық ізденісте болуды, ұлттық дәстүрлерге құрметпен қарауды, креативтілікті және мобильділікті, жеке тұлғаға бағыттап оқытуды, қазіргі мектептің талабы мен сұранысына ие ұстаз болу қажеттігін түсінеміз.

Қазақстандағы білім беруді дамытуда Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеялары-



мен үндес келетін сабақтастық дәстүрлері бар. Мәселен, Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін жаңғырту үрдісі педагог-ағартушы ұсынған бірқатар іргелі қағидаттарға негізделеді:

- білім беруді дамытудағы мемлекеттің шешуші рөлі;
- барлық адамдар үшін білімнің қолжетімділігі;
- тұлғаның жан-жақты дамуы;
- белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеу;
- жариялылық және жаңа технологияларға бағдарлану;
- білім беру жүйесінің икемділігі және динамикасы.

Бүгінгі таңда Ы. Алтынсариннің шығармашылығы өзекті болып қала береді. Оның ағартушылық идеялары қазақ халқының экономикалық және мәдени артта қалушылығын жоюға бағытталған. Ол өз халқын өркениетті халықтар қатарынан көргісі келді және сол үшін бәрін жасады. Ағартушының пікірінше, Қазақстанда қазақтардың бұрынғы өмір салтын түбегейлі қайта құру қажет болды. Ол білім беруді мақсат ретінде емес, әлеуметтік ортаны өзгертудің негізгі құралы ретінде қарастырды.

Қорыта келе айтарым, Алтынсарин мұрасының іргетасына қаланған білім оқушы-

ға зұлымдыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы тұра алуды, тектілік, мейірімділік, еңбексүйгіштік, батылдық пен адалдықты таныта алады. Бір сөзбен айтқанда оқушы адамгершілік стандартын меңгеріп шығады.

Ыбырай Алтынсариннің адамгершілік-этикалық тұжырымдамасы оқу-тәрбие жұмысында лайықты көрініс табуы керек: арнайы сабақтар және педагогикалық оқулар, сабақтан тыс жұмыстардың әртүрлі формаларында жүзеге асырылуы керек: әңгімелер, диспуттар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, әдеби-музыкалық кештер.

Әдебиеттер:

1. Азмұханова А. Ұлт ағартушылары және ұлттық мүдде // Қазақ тарихы. №4 (109). – 11-13-б. 2011;
2. Джумагулов К. И. Алтынсарин. – Ташкент. 1975;
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. - Алматы: Санат, - 847-б. 1997;
4. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа шындықта: іс-қимыл уақыты» Жолдауы;
5. Ситдыков А.С. Педагогические идеи и просветительская деятельность И. Алтынсарина. -Алма-Ата: - Мектеп, 1968.

Қазақтың тілі соншалықты мол. Ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады. Қазақ тілі мұншалықты жатық әм анық болар еді, егер де біздің қазақтар аңғарып, бөтен тіл араластырмастан ілгері бастырып сөйлесе.

Ыбырай Алтынсарин





Мектепте және мектептен тыс орындалатын жұмыстар барысында оқушыларға эстетикалық тәрбие беру

Жан-жақты тәрбиенің бүкіл жүйесінің табиғи бір бөлігі — эстетикалық тәрбие. Эстетикалық тәрбие болмыстағы және өнердегі сұлулық пен әсемдікті дұрыс қабылдауға және эстетикалық мәдениетті, эстетикалық түсінікті сезім мен талғамды тәрбиелейді. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдімілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын танытуға, қастерлеуге баулиды, оған керісінше ұқыпсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады. Эстетикалық тәрбие тек қана көркемдік деңгейді жетілдіру, оқыған кітап, музыкалық шығармалар санын көбейту ғана емес. Ең бастысы, адамгершілік сезімді, жеке бастың рухани деңгейін кеңейту, мінез-құлқын түзету, толықтыруды көздейді.

Мектептегі эстетикалық тәрбие мәселесі халықтық педагогикамен тығыз байланысты. Халықтық педагогиканың қалыптасуы және дамуы қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен, мектептегі тәрбие жұмысының жалпы бағытымен, өзіміздің өнерге, мәдениетке қатынасымызбен анықталады.

Эстетикалық тәрбие бойынша сыныптан және мектептен тыс оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың негізгі түрлерін қарастырайық. Осыған дейін көркем әдебиеттің оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда алатын маңызды орнын атап өттік. Өзінің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, әдеби білімін кеңейту үшін оқушылар факультативтік сабақтарға қатысады.

Балалардың табиғи қажеттілігі дегеніміз — олардың қарым-қатынас жасауға және өзін-өзі көрсетуге ұмтылысы. Олар өздерінің жинақтаған рухани байлығын өз-

дерінде ұстай алмайды және өздерінің іс-әрекеттеріндегі бейнелілік пен бейнесіздік, трагедия және комедия туралы түсініктерін көрсетуге ұмтылады. Соған сәйкес балалардың басым көпшілігі бірнеше өнерпаздар үйірмесіне қатысуды көздейді.

Өнерпаздар үйірмесінің баланы тұлға ретінде дамытуға қатысты функциясы өмірлік және эстетикалық қатынастағы балалардың тәжірибесін тиімді түрде кеңейтеді, оларға өнерді барынша терең танып білулеріне, көркем шығармашылықты түсінулеріне көмектеседі. Балалар өздері тікелей күнделікті өмірде өздеріне қызықты болып көрінген нәрселерінің суретін салады, табиғаттың көркем бейнесін суретке түсіреді, өлеңдер жаттайды, әр түрлі пьесалар қояды. Жақсы мектептердің тәжірибесінде өнерпаздар үйірмесі кең де терең эстетикалық ағарту жұмыстарымен ұштастырылады. Бұл балалардың өмірді танып білулеріне, олардың өмірлік және эстетикалық тәжірибелерінің байуына мүмкіндік жасайды.

Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесі баланың эмоционалдық өрісін дамытудың маңызды факторы екендігін айтпай кетуге болмайды. Адамның болмысқа, өнерге деген эстетикалық қарым-қатынасы идеялық-эмоционалдық қарым-қатынас болып табылады. Терең эстетикалық сезім өнермен болмыстың эстетикалық құбылыстарының адамға әсер ету процесінде пайда болады. Олар — эстетикалық әсерленушіліктің, белгілі бір эмоционалдық мәдениеттің нәтижесі.

Л.С. Выготский: «Үлкен жазушылардың жазған пьесаларына қарағанда ұғымсыздау және әдеби сипаты төмен болғанымен



балалардың өздері жазған пьесалардың маңызы зор. Мұндағы маңыздылық балалардың нені жасайтындығында емес, нені жасайтындығы, неге жаттыққандығында және нені жүзеге асыратындығында» - деп жазды.

Жалпы балалардың өнерпаздылығының қозғаушы күші — өмірлік диалектикалық қарама-қайшылықтар. Мектепке бармаған балалар мен төменгі сынып оқушыларынан бастап барлық жасөспірімдер мен бозбалалар нақты өмірде әлеуметтік маңызды рөлдерді орындауға, ұжымда өздерін көрсетуге ұмтылушылар өте көп. Әсіресе, төменгі сынып оқушылары жеткіліксіз деңгейде болса да өздерінің болашақта кім болатындығын ғана емес, сол бейнеде өздерін-өздері көрсетуге тырысады. Бұл рөлдерді ойнау барысында көп байқалады.

Қоғамдық құнды жұмыс, өмірдегі өзіне лайықты орны туралы жоғары сынып оқушылары да армандайды. Алайда, балалардың әлеуметтік ұмтылыстары мектеп қабырғасында толығымен жүзеге аса бермейді. Олар өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Оларда қандай да болмасын мамандық үшін қажетті білім мен дағдылар жеткіліксіз. Сонымен бірге олар жалпы тұлғалық қалыптасудың кезеңдерін бастарынан кешіреді. Бір жағынан оқушылар әлеуметтік маңызды, өздері үшін мәртебелі рөлдерді орындауға ұмтылады. Соның салдарынан, яғни жағдайдан шығудың практикалық жолының жоқтығы олардың ұнжырғасын түсіріп, оларда өздеріне деген қанағаттанғысыз сезім пайда болады.

Қоғамдық өмірге, қоғамдық пайдалы жұмысқа нақты араласу оқушыларға осы қарама-қайшылықты жоюға көмектеседі. Балалардың көркем шығармашылықпен айналысуы оларды қоғамдық қатынастардың сипатымен таныстырады, өмірге араласуға, әлеуметтік маңызды рөлдерді атқаруға дайындайды, жағымсыз қылықтардан арылтады.

Әдеби-шығармашылықты үйірмелердің шеңберінде шығармалар жаза отырып оқу-

шы өзінің ішкі ұмтылысын қанағаттандырады, өзінің поэзия және проза жанры бойынша күшін сынайды, бұл жұмыстардың сипаты, ерекшеліктері, қуаныштары мен қиыншылықтары жөнінде біледі. Драмалық үйірмелерге қатыса отырып, балалар әр түрлі мамандықтардың қыр-сырларын түсіне бастайды.

Би үйірмелеріне қатысқан балалар өздерінің денесін дұрыс ұстай алады. Сурет салумен, мүсіндеумен айналысқан балалар өздерінің еңбектерін жалпы мектептік көрмелерге қояды, сөйтіп жас суретшілер бір-бірімен әдемілік, көркемдік талғам жөнінде пікір алысады.

Бала қандай да болмасын маңызды адам іс-әрекетін алмасақ та оның мәнін көркем, техникалық, қоғамдық-ұйымдастырушылық немесе ойындық әрекеттердің түрлерінің көмегімен түсінеді. Сондықтан мұндай жұмыстар педагогтың балалар шығармашылығына оңды көзқарас танытуды және соған қатысты жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруын талап етеді.

Өмірлік және көркемдік тәжірибелері жинақталған және қабілеттері дамыған сайын төменгі сынып оқушылары іс-әрекет түрлеріне саралап қарай бастайды. Олардың кейбіреуі сурет салуға, екіншісі ән айтуға, үшіншісі поэзияға бейімді. Мұнда болмысты және өзін-өзі көрсетудің эстетикалық бейнеленуінің формаларының әр қилылығына қатысты жалпы тенденция сақталады.

Өнерпаздық іс-әрекеттердің бала жағынан эстетикалық қатынасты талап ететін маңызды педагогикалық ерекшеліктері эстетикалық қуанышпен бірге жүретін жинақталған көркем түсініктердің тұрақты түрде шығармашылықпен жеке бейнелеу мүмкіндігі болып табылады.

Сонымен бірге өнерпаздықпен айналысу балаларды өздерін ұжымда дұрыс ұстауға үйретеді және ұжымдық өмірде кездесетін кейбір қарама-қайшылықтарды жоюға көмектеседі.

Балалар ұжымы — тәрбиелеу мен өмір-



ді ұйымдастырудың шешуші факторы. Жеке тұлға мен ұжым арасындағы қарама-қайшылық көп жағдайда ұжымда әр түрлі мазмұнды жұмыстардың ұйымдастырылмауынан, ұжымдық пікірдің сыртқы ықпал құралы ретінде пайдаланылуынан болады. Ондай ұжым өзінің педагогикалық маңыздылығынан айырылады.

Балалардың эстетикалық қатынасын дамытуда маңызды рөл атқаратын көркем өнерпаздар үйірмесінің артықшылықтарының бірі — балаларға рухани тұрғыда қарым-қатынас жасауға, өздерінің әсерлерімен бөлісуге, қуаныштарын бөлісуге мүмкіндік жасау. Ұжымның түсіністікпен қарауы, үнемі қолдап отыруы жеке тұлға ретінде дами түсуге, белсенділік танытуға ынталандырады.

Балалардың көркемөнерлік іс-әрекеттерінің қарастырылған жақтарын бір-бірінен бөлуге болмайды. Олардың бірлігі көркемөнерпаздық іс-әрекетті бала өмірін эстетикалық тұрғыда ұйымдастырудың маңызды элементі ретінде тануға мүмкіндік береді. Көркем өнерпаздық баланың болмысқа деген эстетикалық қатынасын дамытады және тереңдете түседі, өнерді терең түсінуге мүмкіндік жасайды.

Ауыл мектебінің өзіндік ерекшеліктері ондағы адамдардың өмір сүру жағдайына, қоршаған ортаға, жұмыстарды ұйымдастырудың түрлерінің, формаларының және тәсілдерінің сипатындағы өзгешеліктерге тікелей қатысты. Эстетикалық тәрбие берудің ауыл мектебінде болсын, қала мектебінде болсын әр түрлі деңгейдегі қиыншылықтары, өзіндік ерекшеліктері бар.

Көп жағдайда ауылға қарағанда қалада эстетикалық тәрбие беруге барлық жағдай бар деп есептеледі. Алайда, алған көркем ақпараттардың мөлшері, өнер жөніндегі білім балалардың сезім органдарын автоматты түрде дамытпайды, эстетикалық қабылдауларын, елестетулерін, көркем ойлауын жетілдірмейді және эстетикалық әсерлерін тереңдетпейді. Мұнда тек қана білімнің бір тиімді көлемі ғана емес,

көркем-эстетикалық қабылдау процесін, белсенді шығармашылықты бейнелеуді, іс-әрекетті қамтитын арнайы ұйымдастырылған жұмыстар жүргізілуі тиіс. Негізгі мәселе — ауылдың өзіндік ерекшеліктерін айқындау, ауыл оқушыларына болмысты және өнерді эстетикалық тұрғыда меңгерту процесін ұйымдастырудың тиімді жолдарын анықтау.

Эстетикалық тәрбие беруде ауылда кездесетін қиыншылықтардың қатарына арнайы дайындықтан өткен музыка, бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімдерінің өте аздығын, мұғалімдердің жалпы эстетикалық дайындықтарының төмендігін жатқызуға болады. Театр, мұражай, концерт залы және т.б. жоқ.

Алайда ауыл балаларына эстетикалық тәрбие беруге жағдай жасайтын маңызды құбылыстар жоқ емес.

Эстетикалық тәрбие беру жұмыстарында болмысты эмоциялық, эстетикалық тұрғыда меңгеруге мүмкіндік беретін балалардың табиғатқа жақындығы; ұжымдық іс-әрекет ету мен ұжым болып бос уақытты бірге өткізу арқылы атқарылатын ауылдық еңбек пен тұрмыстың ерекшелігі; үлкендердің, кішілердің тәрбиелі ықпалы айқын көрініс беретін әр түрлі жастағы адамдардың әрқилы іс-әрекет басындағы тығыз байланысы; балаларды қоршаған ортадағы, тұрмыстық заттардағы, әшекейлердегі, киімдердегі, халық әндеріндегі халық өнері; күнделікті тұрмыста және халықтық мерекелерде көрініс беретін салт-дәстүр маңызды рөл атқарады. Ауыл мектептерінің барлық мұғалімдерінің міндеті — өзіндік ерекшелігі бар ауыл жағдайының мәні мен мазмұнын жақсы түсіну, ол ерекшеліктерді балаларға эстетикалық тәрбие беруде тиімді пайдалану.

Ауыл мектептері балалармен көркем-тәрбиелік жұмыстар жүргізудің әрқилы формаларын пайдаланады. Әсіресе, көрші ауылдардан қонақтар шақыру арқылы өткізілетін фольклорлық мерекелер, халықтың өнер көрмелері, халықтық таланттардың байқаулары өте тиімді.



Барлық өткізілген жұмыстарды байытуда өлкетану жұмыстары маңызды рөл атқарады. Оқушылар музыкалық немесе поэзиялық кештерге қатысады, әр түрлі мұражайлар ұйымдастырады, халықтық көркемдік-қолданбалы өнер бойынша көрмелеу ұйымдастырады.

Сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда жүргізілетін көркемдік-тәрбиелік жұмыстар процесінде балаларға табиғатқа, салт-дәстүрге, туған өлкенің өміріне қатысты шығармашылық тапсырмалар беріледі. Соның нәтижесінде оқушыларды эстетикалық дамыту мүмкіндіктері кеңейеді, олардың патриоттық тәрбиесі күшейеді.

Эстетикалық тәрбие тәрбиенің басқа салаларымен де тығыз байланысты. Ол еңбек, ақыл-ой, адамгерілік, дене шынықтыру,

т.б. тәрбие түрлерімен қоян қолтық ұштасып жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тәжібаева С.Ғ., Иманбаева С.Т. «Мектептегі тәрбие теориясы мен әдістемесі». — Алматы, 2006;
2. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие». — Алматы, 1995;
3. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова Ә.У., Ильясова Р.К. «Педагогика». — Астана, 2007.

Гулбарша Абжамаловна ИЗДИБАЕВА,
А. Нұрманов атындағы жалпы білім беретін
орта мектеп ММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі.
Амангелді ауданы,
Қостанай облысы.



Оқытудың интербелсенді әдістерін сабақта пайдалану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту



Жанна
Айтқазықызы
НУРГАЛИЕВА,
«Бесқарағай
колледжі КММ»
математика пәні
мұғалімі.
Бесқарағай ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.

«Шығармашылық» ұғымы жөнінде Қазақстан Республикасы орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол

табу үшін адам дұрыс ой түйі, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. «Оқу тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту» өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Осы мақсатты жүзеге асыруда мектеп басшысы, ұжымдағы мұғалімдердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісін дамытуға аса мән беру қажет. Кез келген дамыған өндіріс қазіргі таңда шығармашылықпен жұмыс жасауды талап ететін адамды қажет етеді. Шығармашылықпен жұмыс жасайтын адамның негізгі іс-әрекеті ақыл-ойға, әрі алған білімді басқа таныс емес іс-әрекетте тасымалдай алуға негіздейді. Шығармашылық дегеніміз — адамның өмір шындығына,



өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі. Оқушылардың белсенділігімен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет екені белгілі. Уақыт талабына сай оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін, оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын пайдаланған жөн деп ойлаймын. Шығармашылыққа үйрету үшін мынадай жағдайларды ескеру тиіс. Мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін баланың назары бір нәрсеге бағытталуы керек. Әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үлесуі керек. Оқушының шығармашылықпен айналасуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу. Шығармашылық бағытқа баланы жүйелі, сапалы түрде қалыптастырып отыру қажет. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіру керек. Баланың қиялын дамытып, ойын ілгері жетектеуде, түрлі лингвистикалық жаттығулардың да рөлі зор. Сабақ үстінде материалды салыстырып қарама-қарсы қою әдісі арқылы да ұғындыру өз нәтижесін береді. Мұғалім сабақтарда ойын түрлерінен пайдалана отырып, балалардың ұсыныс пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға, өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Әдіс-тәсілімен өткізілген әрбір сабақ оқушылардың ойлауын және қиялын, ойын дағдысын, оларды сөйлеуге үйретеді. Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы балалардың ортасынан қабілеті жоғары бала іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тану оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылып отыру әрбір мұғалімнің негізгі міндеті. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өсуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі

тануына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып танылады. Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу — әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Мұғалім ұйымдастырушы, бағыт беруші. Оқушылардың дербес ізденісі жаңа білімді өз белсенділіктерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмектеседі. Оқытудың интербелсенді әдістерін сабақ барысында пайдалану арқылы сабақтың сапалы, қызықты өтетіндігін байқадым. Білім беру процесінде ізденістің алар орны ерекше. Құр дайынды көшіру оқушының шығармашылық ойлау қабілетін, талабын өшіреді. Сондықтан әр түрлі әдіс-тәсілдерді оқыту барысында жиі қолдануға тырысамын. «Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға, Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда», - деп ұлы Абай атамыз сөзімен қарар болсақ білімді баланың көкірегі сезімді, көңілі ояу боларына дау жоқ. Шығармашылық — әдімділік пен әсімдіктің әліппесі. Ұлы адамның осы сөзі мұғалімнің қазығы, бағыты болуы керек екенін аңғартады. Оқушының білімін нығайтып, шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын былай іске асырамын.

1-кезең. Шығармашылық — ой-талдауға бейімділік, ішкі сезім дүниесіне үңілу, сезімталдық қасиетті оята білу. Бұл тақырып-



тық, еркін тақырыпқа шығарма, эссе, мақала, хат сынды жұмыстар арқылы орындалады. Белгілі тақырыптарды өткеннен кейін төмендегідей талаптар бойынша жұмыстар жүргіземін:

- Шығарманың мазмұны, тақырыбы жайында пікір жазу;
- Кейіпкер тобын ажыратып, олардың арасындағы шиеленісті талдау;
- Шығарманы тарауларға бөліп тақырып қою, жоспар құрғызу;
- Өзара талқылау, сұрақтар қою.

2-кезең. Қиял, ұшқыр ой, ой қызметінің батылдық ерекшелігі қалыптасады. Бұл кезеңде оқушының көркемдік шешім табуға жетелеу үшін ой ұшқырлығы тууы қажет. Мұнда оқушының өзіндік ізденісі, пікірі, айтары байқалады. Бұл оқиға құрудың, образ жасаудың мүмкіндігі бар кезең. Мұнда оқушыға ертегі, әңгіме, оқиға тізгінін өз қолына беру, қиялына мүмкіндік туғызу мұғалімнің назарынан тыс қалмауы тиіс. Анығырақ айтқанда, әдеби шығармашылық тапсырманы өздері ұсынып, өздері қорытынды пікірін, көркемдік ой-пікірін өздері айтып, өздері талдайды.

3-кезең. Талант пен талап шеберлікті ұштайды. Мұнда өзіндік сын, бастаған ісін аяқтау, дәлелдеуге талап қояды. Бұл мәтіндерді өңдеу, материалды сұрыптау, рецензия, талдау, кіші ғылыми жұмыстар арқылы іске асады. Осындай талап-тілектерден кейін оқушы нағыз шығармашыл тұлға болып дараланады. Ол өзгелерден өз күшіне сенімділігі мен сезімнің ұшқырлығымен ерекшеленеді. Оқушы көпшілікте сөйлеу, тыңдау мәдениетін, ұстазбен сырласудың қажет екенін түсінеді. Оқушының көркем сөйлей білуін қалыптастыру — менің алға қойған мақсаттарымның қазығы.

Оқыту жүйесі белгілі бір әдістемеге негізделеді. Әдістеме жан-жақты ойластырылып, тиімді қолданылса, өтілетін әрбір тақырыптың мазмұны да ойдағыдай ашылып, оқушылардың білімді меңгеруіне жеңіл тиеді. Мұғалім әдістемесі көп жылдар бойы ұстаздық қызметінің іс-тәжірибесінен күн-

делікті сабақ беру процесімен тығыз байланысып жатады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуға арналған зерттеулердің негізгі ерекшеліктері олардың оқу сабақтарын балалар үшін қызықты, тартымды және маңызды етуге бағытталуы болып табылады.

Оқыту мен білім берудегі жаңа әдіс-тәсілдерді оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі қолдануды ұстанамын. 7-сыныпта өткізген **«Бөлімдері әр түрлі бөлшектердің қосындысы мен айырмасы»** тақырыбындағы сабағымда «Блум таксономиясын» қолдандым.

Сабақ түрі: Бірлескен-ізденіс сабағы.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосуды және азайтуды үйрету; ең кіші ортақ бөлімді табу, қысқаша көбейту формулаларын, рационал бөлшектердің негізгі қасиетін рационал бөлшектерді қосуда және азайтуда қолдануды меңгерту.

Күтілетін нәтиже:

- бөлшектің қасиетін, жай бөлшектерді қосу және азайту ережелерін қолдана отырып, оқушылардың білім және білік дағдысы дамиды, өз бетінше есеп шығару, іздену, шығармашылықпен еңбек ету қабілеттері шыңдалады;

- оқушылардың нақты жауап беру, шапшаңдық және алған білімдерін практикамен ұштастыруда өз білімін көрсете алатын қасиеттері ашылады.

Сабақ кезеңдері: I кезеңде - «Көпір» тапсырмалары: Сұрақ-жауап; «Лездік» тапсырмалар;

II кезеңде — «Білу» тапсырмалары; «Түсіну» тапсырмалары;

III кезеңде — оқулықпен өз бетімен іздену әдісі: «Талдау» тапсырмалары;

IV кезеңде — практикада бекіту әдісі: «Қолдану» тапсырмалары;

V кезеңде — «Жинақтау» тапсырмалары; «Баға беру»;

VI кезеңде — тапсырмаларды өз бетімен



біртіндеп орындату арқылы бағалау.

Сабақта жеке, жұппен және топпен жұмыстар жүргізілді. Тәуелсіз сарапшы – сынып оқушысы «Сыншы дос» сабақтың өн бойында бақылап, сабақ соңында рефлексия жасады, өз бағасын берді. Әрбір оқушы

алдарына берілген «Бағдарлық картаға» өз жауаптарын белгілеп отырды. Табыс критерийлеріне сәйкес тапсырмаларды орындау деңгейлеріне қарай өз-өзін бағалады.

Оқушыға арналған «Бағдарлық карта»

Күні: _____

Аты, жөні: _____

Сабақтың тақырыбы: «Бөлімдері әр түрлі бөлшектерді қосу және азайту»

Кезеңдері	Тапсырмалар	Бағалау
«Көпір» тапсырмалары	Бос орынға қажет сөзді жаз: 1. Бөлімдері бірдей рационал бөлшектерді қосу үшін олардың алымдарын, бөлімін керек. 2. Бөлшектің алымы мен бөлімін (0-ден өзге) бірдей санға бөлу бөлшекті ... деп аталады. Айырмашылықты тап: Берілген өрнектердің айырмашылығы неде? Лездік тапсырмалар (А, В, С деңгейі) бөлшектерді қысқарту есептері (белсенді тақта)	
Білу	Қандай ереже? Берілген формулалар бойынша ережені тұжырымдау керек	
Түсіну	Ауызша есептеу тапсырмалары беріледі. Тақырыпқа сәйкесті проблемалық тапсырма (есеп) беріледі.	
Талдау	Оқулықтағы 3, 4 мысалды топпен орындау	
Жинақтау	Рационал бөлшектердің қосындысы мен айырмасын табу алгоритмін (амалдар тәртібін) тұжырымдау, Блок-схеманы толтыру керек.	
Қолдану	Оқулықтан А, В, С-деңгейлері бойынша есептер беріледі	
Баға беру	Сен қалай ойлайсың? Рационал бөлшектер мен жай бөлшектердің айырмашылығы неде?	
Кері байланыс Рефлексия	Не оңай болды? Не қиын болды? Нені үйрендің? Сабақта қандай әсер алдың, сабақта өзіңе ұнаған белсенді қатысқан сыныптасына тілек, стикерге жазу	
Табыс критерийлері	1. Өткен тақырыптар бойынша мәліметтерді білемін; 2. Ережелер мен формулаларды қолдана аламын; 3. Есепті шығара аламын ойымды жеткізіп айта білемін. Смайликтерді пайдаланып, оларды белгілейді	
Үйге тапсырма	А, В, С-деңгейлері бойынша есептер беріледі	

Сабақ беретін сыныптарымда оқушылар оқыту үшін бағалауда табыс критерийіме жұмыстануды үйренді.

1. Шамалардың өзгерістерін оң сандар және теріс сандармен жаза білу;

2. Өрнектердегі оң сандармен мен теріс сандарды жазу;

3. Оң сандар және теріс сандармен есептеудің қажеттілігі, күнделікті өмірдегі қолданылуы және білімдегі маңыздылығын түсіну.

Табыс критерийлері: 1. Шамалардың өзгерістерін «+» таңбасымен оң сандарды және «-» таңбасымен теріс сандарды жазатынын білемін.

2.

а) Берілген өрнекте оң сан бірінші орында

тұрса, оның алдына «+» таңбасы қойылмай-тынын білемін. Мысалы, $+5a-3=5a-3$

ә) Берілген өрнекте теріс сан бірінші орында тұрса, оның алдына «-» таңбасы жақшасыз жазылатынын білемін. Мысалы, $(-) 4b+3= -4b+3$

в) Берілген өрнекте теріс санның алдында «+», «*», «/» таңбалары тұрса, онда «-» таңбасы жақшаға алынып жазылатынын білемін. Мысалы, $2+ (-)5$; $8- (-)6$.

3. Күнделікті өмірдегі оң сандар және теріс сандардың қолданылуын түсіндім. Жаңа әдіс-тәсілдерді оқып үйрену/үйрету нәтижелері.

Мұғалім үшін: - оқыту мен оқу үдерісінде жиі қолданылатын топтық жұмыстың жаңа



тәсілдері іс-тәжірибеде көрінеді;

- топтық жұмыстың оқушының тақырып мәнін өз бетінше меңгеруі (құзырлы оқытудың маңызды факторы) үшін тиімділігін біледі;

- оқушылармен жүргізілетін топтардағы бірлескен жұмыстарда өзара әрекеттестікте проблемаларды шешу стратегияларын анықтайды.

Оқушы үшін:

- бірлесе отырып, сабақтағы ең басты проблемаларды анықтайды;

- сыни ойлау шығармашылық деңгейлері шындалады;

- ақпарат құралдарымен және Интернет сайттарда жұмыс істеуді меңгерді;

- кері байланыс, рефлексия жасау, дерек-көздермен жұмыстанады;

- ОҮБ мен табыс критерийлерін және өзара, өзін-өзі бағалауды үйренеді.

Нәтиже: Білім сапасы артады, оқу сапасын арттыруда мақсатқа жетуде бірлескен жұмыс болады. Тапсырмаларды орындауда бірлесіп шешуге, нәтижеге жетуді үйренеді. Топта ішкі топтарға бөлінеді, топтық жұмыстардағы белсенді көшбасшылық, ынтымақтастықтағы қа-

рым-қатынас орнайды. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары қалыптасады, бұрынғы алған білімдерін жаңамен байланыстыра біледі. Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда сабақ беру кезеңіндегі өз тәжірибемнің нәтижесінен түйіндегенім, әрине «дәстүрлі» сабаққа үйренген оқушыларымды жаңа жүйеге үйрету бірден аспағанын, белгілі бір уақыт қажет болғанын айтпай кетуге болмас, дейтұрғанмен өзім үшін де, оқушы үшін де жаңа бетбұрыс болғаны анық. Сабақтарымда топтық тәсілді тиімді қолданудың оқушының өзіндік білім алудағы нәтижелілігін ұғындым, ОҮБ-да табыс критерийінің өз білімін бағалаудағы табыстылығы көрінді. Көшбасшылық қасиеттерін айқындауда, кейбір бұйығы отыратын оқушыларға қозғау салып, «өзіндік менін» оятуда тиімділігі болды. Қазіргі біздің қоғамға жоғары білікті, кәсіби дайындалған, шығармашылықпен ойлайтын оқушылар қажет. Заманауи білім берудің стратегиясы әрбір адамда табиғаттан берілген шығармашылық тума талантты жан-жақты дамыту болып табылады.



Бала өміріне ертегі айтудың маңыздылығы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту — баланың жас шамасын және өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке адам ретінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасайтын Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінің бірінші деңгейі. Тәрбиенің кілті халық педагогикасында деуге толық негізі бар. Өйткені халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасы адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандылықты дәріптейді. Жас ұрпақты жастайынан тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген, ешқандай жоғары білімсіз-ақ дана халқымыз тәрбиенің небір оңтайлы әдістерін бесіктен бастаған.

Әңгімелер, ертегілер баламен қатынасының ең нәтижелі құралы болып табылады. Алдымен «Ертегі дегеніміз не, оның құрылымы қандай?» - деп, ертегінің пайда болу тарихына талдау жасап көрейік. Ертегі-фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры-халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза. Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру бағытында ертегілерді қолдана жүргізіп отырған жұмыстарға талдау жасау.

Ертегілерді іріктеу және айлық оқу іс-әре-



кеті тақырыптарына сай ертегі кейіпкерлерімен дамытушы ортаны жабдықтау. Пәндік дамытушы ортаны ұйымдастыру талаптарында орта көп функционалды, вариативті, қарқынды, жасына сай дамуының ерекшелігін және мектепке дейінгі балалардың іс-әрекеттерінің ауысып отыратындығын есепке алып құрылуға тиіс. Сондықтан да, дамытушы ортаны ертегілер кейіпкерлері арқылы жасақтау балаларға қуанышты көңіл-күй сыйлап, өздерін ертегі әлемінде жүргендей сезіндіреді.

2. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалану.

Көрнекілік әдісі. Әл-Фараби «Оқытудың негізгі әдісі — көрнекілік» деп, оның мақсаттарын, тәсілдерін (түсіндіру, әсерлендіру, есте қалдыру) ұсынады. Көрнекілік әдісі оқытудың сөздік және тәжірибелік әдістерімен өзара байланыста қолданылады және құбылыстармен, ертегілермен балаларды таныстыру, олардың сезім мүшелеріне әсер етіп, алуан түрлі ертегі кейіпкерлерін табиғи күйінде қабылдайды. Ертегі кейіпкерлерін білім салалары мазмұнына сай дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануда. Бала кейіпкердің жағымсыз әрекетінен бой тартып, жақсылыққа құмартады. Мысалы: «Бауырсақ» ертегісі мазмұны бойынша бөлімдерге бөліп, тақырыптар қоюда.

«Ой шақыру» стратегиясында ертегі мазмұны суреттері бойынша сұрақ-жауап қолдану арқылы ертегінің баяу басталып, оқиға желісі күрделене түсетінін, яғни ертегіде оқиға желісінің басталуы, оқиғаның өрбуі, аяқталуы, өзіндік шешімі болатынын түсініп ажырата алады. Барлық білім салаларында ертегілерді қолдану арқылы

негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады.

Шығармашылық білім саласы: Жағымды немесе жағымсыз кейіпкерлерді жылы және суық түстермен дөңгелектер арқылы бейнелеп көрсетеді. Мүсіндеу арқылы ермексازдан ертегі кейіпкерлерін жапсырмалау арқылы театрландырылған көрініс дайындайды. Музыка іс-әрекетінде ертегі кейіпкерлерінің көңіл-күйін, қимыл-қозғалысын ноталық дыбысталу арқылы қайталатады. Әлеуметтік білім саласы: Ертегілер мазмұны арқылы адамгершілікке, имандылыққа тәрбиеленеді. Ертегі кейіпкерлерінің жан-жақты мінез-құлықтарын айыра біліп, жақсы мен жаман іс-әрекеттерді ажыратады. Айналадағы қоғамдық өмір, өлі және тірі табиғат арасындағы байланысты ажыратады. Қорыта айтатын болсақ, ертегілер — мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін, сана-сезімін қалыптастырушы құрал болып табылады. Ауыз әдебиетінің қай үлгісін алсақ та, онда болашақ ұрпақ үшін үлкен тәрбиелік мәні бар рухани қазына жатыр. Сондықтан да біз сол бай мұраны пайдалана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың бойына әдемілік пен әсемдік қасиеттерін дарыта білуіміз қажет. Мейірім мен махаббатты, сұлулық пен әсемдікті адам бойына ұялататын осы ертегілер екенін ешқашан естен шығармауымыз керек.

Маржан БУБЕТАЕВА,
«Қызғалдақ» бөбекжайының
тәрбиешісі
Шайыр ауылы,
Маңғыстау ауданы.

Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі



Ыбырай Алтынсарин



Биология сабақтарында презентацияны қолдану арқылы білім алушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру



**Бакытгуль
Жандосовна
НАЗИРОВА,
«Бесқарағай
колледжі» КММ
биология пәні
мұғалімі.**

**Бесқарағай ауылы,
Бесқарағай ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

Жаңа технологиялар арқылы жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру — қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр — ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми-технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі — тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез-құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді «Өрлеу» республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы талап етеді. Оқушылардың ақ-

параттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Биология сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақытта көп білім алып, уақытты үнемдеу;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндермен тапсырмаларды оқып үйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезіну мүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін, дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймын. Соңғы жылдары ақпараттық-коммуникациялық заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электронды оқулық, интерактивті такта, қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Білім берудің кез келген саласында «Электрон-



дық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптасыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауына жағдай жасайды. Осы орайда биология пәнін оқытуда қолданылатын жаңа ақпараттық технологияларға интерактивті оқыту құралдарымен электрондық оқу құралдарын жатқызуға болады. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Электрондық оқулық оқушының уақытын үнемдеуіне, бұрынғы алған білімдерін кеңейтуіне мүмкіндік береді. Әрбір оқушы қалаған тақырыптары бойынша тапсырмалар орындап, тестке жауап беріп, зертханалық жұмыстарды орындауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер бейнекөріністер көрсетуге, дыбыс, және музыка тыңдауға болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда әсерлі, әрі тиімді. Оқу материалдарын ұтымды игерудегі электрондық құралдардың атқаратын рөлі зор. Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артқандығы байқалады. Сондай-ақ, мұғалімдер өздеріне қажетті әдістемелік материалдарды, көмекші құралдарды молынан ала алады. Электрондық оқулық оқушыға оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Биология пәніне арналған электрондық оқулықтың тест бөлімі арқылы пән курсы бойынша оқушы толық ақпарат алып, өз білімін тексере алады. Компьютер оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолданылады: жаңа материалдарды түсіндіргенде, бекіткенде, қайталағанда, білімін, іскерлігін және дағдыларын бақылағанда. Оқытушыға оқушылардың әрқайсысының жұмыстарын бақылауға, басқа оқушыларға кедергі келтірмей үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге болады. Сабақтан тыс уақытта оқытушы компьютер жадына сақталған оқушылардың жұмыстарын саралап, талдау жасау арқылы олардың тақырыпты қанша-

лықты меңгергенін анықтауға, сол арқылы бағалай алады. Презентация ұғымы өзінің толық мағынасында өзін көрсету, баяндама, жобаны, есеп беруді қорғау, жұмыс жоспарын, дайын өнім мен қызмет, енгізу нәтижесін бақылауды, сарауларды ұсыну. Қорытып айтқанда, ойды, адамдар мен өнімдерді, шикізат пен қызмет түрлерін ұсыну — бұл әрдайым презентация. Слайд деп көзге көрінетін күрделі объектіні айтамыз. Оның құрамына тақырыптар, мәтін, кестелер, графикалық кескіндемелер, ұйымдастыру схемалары, дыбыс үзінділері, бейнеклиптер мен гиперсілтемелер кіреді. Әрбір слайд ескерту парағымен бірге келеді. Бұл параққа түсініктеме мәтінді оны жасау кезінде де, демонстрация кезінде де енгізуге болады. Бұл мәтін презентацияның басты, керекті сәттерін және оған катысты жағдайларды фиксациялау кезінде қолданылады. АКТ-ны сабақ процесінде қолдану кезінде мұғалімге келесі мәселелерді шешуге тура келеді: дидактикалық (сабақтың оқу материалын дайындау, компьютерлік бағдарламаны талдау); әдістемелік (тақырыпты беруде АКТ-ны қолдану әдістерін анықтау, сабақтың нәтижесін талдау, келесі оқу мақсатын қою); ұйымдастырушылық (оқушының шамадан тыс жүктелуін және уақытты тиімсіз өткізуді болдырмайтындай етіп жұмысты ұйымдастыру); оқыту (қарастырылған тақырып бойынша оқушылардың білімдерін және ұсынылған бағдарлама бойынша біліктері мен дағдыларын нығайту және бекіту). АКТ-ны биология сабағында қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін қандай әдістерді қолданған тиімді? Ол үшін мұғалім не істеуі керек? Ақпараттық сауаттылығын арттыру үшін көбірек оқу; ұғымдарды есте сақтау қабілетін дамыту; сыни тұрғыдан талданған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға үйрету; ақпаратты өз бетінше табу, талдау, іріктеу, сақтау, түсіндіру және ақпараттарды тасымалдау, оның ішінде қазіргі заманғы АКТ-дың көмегімен жүзеге асыруды қалыптастыру; оқушылардың ғылыми-ізденіс жұмыстармен айналысуына жетекшілік ету; - өз



бетінше мақсат және оны негіздеу, жоспарлау және осы мақсаттарға жету үшін танымдық қызметтерді жүзеге асыру. АКТ-ны биология сабағында қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру үшін:

- сабақты түрлендіріп өткізу;
- сабақта ақпарат құралдарын пайдалану;
- оқушының өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуге үйрету – Интернетке шығу.

Өзімнің іс-тәжірибемнен мысал келтірсем, биология сабағында АКТ-ның келесі түрлерін қолдануға болады:

- Сабақ кезінде жаңа материалды өтуде презентацияны қолдану;
- Жаңа сабақты өту кезінде электронды оқулық, Интернет материалдарының бірнеше фрагменттерін қолдануға;
- Зертханалық жұмыстарда;
- Түрлі тапсырмалар мен тест орындауда.

Соның ішінде сабақ кезінде жаңа материалды өтуде презентацияны қолдану арқылы оқушының сабаққа деген қызығушылығын, танымдық қабілетінің артуын, өзіне деген сенімділігін, яғни олардың білім, білік, дағдыларының арттыру мәселесін айтқым келіп отыр. Мысалы: 10-сыныпта «Жыныс генетикасы»

тақырыбын өткенде слайд-презентацияларды қолдану арқылы өзіндік ізденісін дамыту. Оқулықтағы мәтінге қосымша суреттер, қызықты генетикалық есептерді көре отырып, оқушылар түртіп алу әдісімен жұмыс жасайды және берілген есептерді символдармен жазады, оны шығаруға, жауабын табуға талпынады. 11-сыныпта «Эволюция заңдылықтары» тақырыбын өткенде, презентацияны пайдалана отырып, тақырыпты жеңіл меңгереді, дивергенция, конвергенция, параллелизм ұғымдарын салыстыра отырып, жете түсінеді, өмірден мысалдар келтіріп, табиғи құбылыстардың жүру заңдылықтарын ажырата білуге дағдыланады. Айта, берсем мысалдарды көп келтіруге болады. Осындай қажырлы еңбегімнің арқасында, биология сабағына оқушыларды қызықтыра да білдім. Оның дәлелі, биология пәнін тыңдайтын оқушылардың көп болуы, колледж студенттерінің биологияға аса қызығушылық танытып, белсене араласуы. Презентацияны биология сабақтарында жиі қолдану сабақтың сапасын елеулі түрде арттыратыны сөзсіз.

Әр сабақта компьютерлік технология арқылы барынша толық жұмыс істеу оқытушыдан шеберлікті, іскерлікті, өте жоғары ұйымдастырушылықты қажет етеді.



Шикізатты дайындау және қамыр илеу



**Мәдина Айбекқызы
НҮРЕКЕНОВА,
«Бесқарағай
колледжі» КММ
өндірістік оқыту
шебері.**

**Бесқарағай ауылы,
Бесқарағай ауданы,
Шығыс Қазақстан
облысы.**

Халықты жоғарғы сапалы тағамдармен қамтамасыз ету ең негізгі кезек күттірмейтін міндет. Сондықтан барлық тағамдар, оның ішінде астық және оны өңдегенде алынатын өнімдер барлық жағынан алға қойылған шартқа сәйкес болу керек. Ол шарт мемлекеттік стандарттарда (ГОСТ-тарда) көрсетілген.

Стандартхалық шаруашылығында маңызды орын алады. Сол арқылы халық шаруашылығының барлық салалары бірімен-бірі



байланысады. Міне сондықтан мемлекет көлемінде нанның сапасы қатаң тексеріледі. Ол тексеру барлық мекемелерге бірдей құжат — стандарт арқылы жүргізіледі.

Тағам адам организмiнiң энергия көзi болып табылады, олардан пластикалық материалдар мен биохимиялық заттар құрылады. Сонымен қатар организмге қажеттi маңызды заттардан басқа тағамда адам денсаулығына зиян келтiретiн бiр қатар зиянды заттар кездеседi. Адам организмiне көп мөлшерде тағамдармен түскен әр түрлi химиялық қосылымдар метоксикация ауруына шалдықтыруы мүмкiн.

Тағам метоксикациясының токсикоинфекциялық аурулардың пайда болуына бактериялық үлесi өте жоғары.

Л.Н. Қаламқарованың айтуына қарағанда тағам метоксикациясымен ауырған адамдар көп тiркелген, оның себебi тағамдардың бұзылуына (кондитерлi, салаттар, қапталған тағамдар) байланысты болған.

Басқа да табиғи токсиканттарға саңырауқұлақтар жатады, олардың да адамдардың денсаулығына келтiретiн зияндылығы өте көп, әсiресе олар өсiмдiк тағамдарында кездеседi. Кейбiр метоксиндер мал азығында көп мөлшерде кездеседi. Олар азық арқылы, мал өнiмiне жасалған тағамдарында жиналуы мүмкiн.

Л.П. Мамакова, Л.С. Цой айтуына қарағанда тағам өнiмдерiнiң медицина тұрғысынан қауiпсiздiгiн қамтамасыздандыруда олардың адам денсаулығына келтiретiн зияндығын деңгейiне қарай бөлу арқылы сынақтан өткiзу болып табылады. Сынақтан өткiзу немесе бағалау 4 кезеңнен тұрады. I кезең қауiпсiздiктi сақтау, II кезең — қауiпсiздiктiң сипаттамасы, III кезең — нақты өнiмдi бағалау, IV кезең — қауiпсiздiк сипаттамасы және тәулiкте жiберiлетiн деңгейiн анықтау.

Қайнатпалы нанды дайындау технологиясының ерекшелiгi: илеу алдында ұнның бiр бөлiгiн 10-дәрежелi қайнаған су көлемiмен қайнатады да, крахмал жабысқақталып

және ферменттер әсерiне шалдығады, сондықтан нанның иiсi, дәмi жоғарылайды.

Оларды жақсы қабылдауын жоғарылату үшiн арнайы кебексiздендiрiп өңдейдi. Тәжiрибелi әдiс арқылы алейронды қабатының жасушалары үлкен күшпен асқорту шырынына араласады, сондықтан бұл жасушалардың құрамындағы ақуыздың және майлы құрамының көп болуына қарамастан, олар балластың белгiлi бiр дәрежесi болып келедi. Жасушаның алейронды қабаты-



ның тез қортылуын жоғарылататын әдiстерi көп. Кейбiр авторлар кебектi механикалық өңдеудi, оларды майдалап және құрамындағы жасушалардың асқортылу шырынын жоғарылату үшiн ұсынды. Ал басқалар кебектiң биохимиялық өңдеу жолын қолданды, оларға ферменттер және микроорганизмдер әсер тигiзедi.

Кебектi майдалаудың ең оңай механикалық әдiстi бiрiншi рет орыс дәрiгерi Е. Скоробогач ұсынды. Оңай және қолайлы әдiс — кебектiң гидротермиялық бумен өңдеп, қайнатылуын қолайлы екенiн көрсеттi. Кейiнiрек осындай әдiстi Клопфер ұсынды. Алынған өнiм — «Клопфер кебегi» — кеңi-



нен жарнамаланып, ұн сортына жақсы әсер бергіш қоспа болып саналды.

Кебектің биохимиялық өңдеудің қолайлы әдісін А.И. Опарин және оның көмекшісі ұсынды. Бұл әдіс бойынша қамырды дайындау әрекеті нанның түріне әсер етіп, нан құрамындағы ақуыз пепсиндерінің сіңірілуін жақсартты.

Ұнды қаптамай сақтайтын қоймадан құбырөткізгіштен өтіп, пневмотранспортты системаның көмегімен ұн өндіріске циклон-арттырғыш арқылы кеп түсіп, транспортталған материал (ұн) және ауа бөлінеді де, ұн елеуге өтеді. Бұл операция (елеу) көмегімен қосыша қоспалардан арылады. Металл қоспалардың ұннан ажыратуына магнит тартпалар қарастырылған. Магниттің көтергіш күші 8 кг-нан кем емес.

Тұз дайындау:

Өндірістерде тұзды массасы бойынша тұзды ерітінділер концентрациясы 26%, сыйымдылығы 1,2% г/см³ ретінде қолданады.

Тұзды ерітінділерді дайындау және сақтау үшін Т1-ХСТ-80 жабдығы қолданылады. Тұз самосвалдан қабылдағыш воронкаға қорғаныш қамалы арқылы өтіп, содан соң құбырөткізгіш арқылы воронкаға су 50% көлемді тұз массасына қосылып, араластырғышпен араласады. Ерітіндінің тығыздығы 7 1,2 см³ жеткенде тазалануға және фильтрленуге түседі. Сульфокөмірден жасалған шынылы фильтрден тұз ерітіндісі фильтрленеді.

Қантты дайындау:

Қантты дайындау оның тазалануына, еруіне және алынған қант ертіндісінің фильтрленуіне байланысты. Тығыздығы 1,3 см³ қант ертіндісін дайындау үшін СЖР-300 құрал-жабдығы пайдаланылады. Қант ертіндісін алу үшін қантты температурасы 30-32°C қыздырылған суда массасы 1:1 бо-

йынша араластырады, содан соң алынған ертіндіні фильтрлейді.

Майлы өнімді дайындау: Өсімдік майын өндіріске жіберу алдында көлемі 3 мм ұяшықты елегіш арқылы фильтрлейді. Мар-



гарин және басқа да қатты майларды қосар алдында ерітіп алады.

Престелген ашытқыны дайындау:

Престелген ашытқыны қамыр илеуге дайындау үшін оны алдымен қорабынан арылтады, майдалайды және ашытқы суспензиясын алу үшін жылы суды (30-35°C) 1:3,5 қатысында қосады.

Престелген ашытқыны белсендіру:

Престелген ашытқының көтерілуін жақсарту үшін оны алдын-ала белсендіреді. Ашытқының, ұнның және судың қатынасы: 1 кг престелген ашытқыға 2 кг қайта өңделген ұнды және 6 л су температурасы 32-34°C қосады.

Қамырды ашыту:

Қайнатпаның негізі сулы-ұнды қоспа, бұл жерде ұн крахмалы белгілі бір кезең-



де желімтектенген, сондықтан өте жеңіл және тез амилотитикалық ферменттермен қантталады. Қайнатпа — нан пісіруде ашытқылардың көбейюіне және сұйық ашытқыларда қышқыл түзуші бактериялардың дамуына азықтандырушы орта болып табылады. Қайнатпаны дайындау үшін ұн және суды 1:3-тен 1:2-ке дейінгі қатынасын қолданады. Өндірістерде қайнатпаны ХЗМ-300 қайнату машинасында қара бидайдан дайындайды. Қайнату машинасына 50 л су құяды, содан кейін температурасы 65-67 °С-қа шейін салқындатады, термометрмен сипаттау арқылы.

Азықты дайындау:

Температурасы 65-67 °С-қа шейін салқындатылған қайнатпаға ДМ-100 таразы арқылы 30 кг қара бидай ұнын қосады және 60 л суды қанттандыру үшін қосады. Қанттандырудың ұзақтығы 10-12 минут. Қанттандырылғаннан кейін 135 л салқын су құйылады. Азықтың температурасы 30-32 °С, ылғалдығы 83%.

Өндіріс циклы:

Дайын ашытқының 50% көлемін қамыр илеуге алынады. Қалған бөлігіне сіңірілетін қоспаны өндіріс көлемі бойынша қосады. Ашу ұзақтығы 3-3,5 сағат. Дайын ашытқы келесі көрсеткіштерге ие болу керек:

Ылғалдығы, % — 83,08;

Температурасы, °С — 32-34;

Қышқылдығы, град — 9-12;

Көтерілу күші, мин — 25-30.

Нанды сыралай және арнайы ашытқылармен байыту көптеп қолданылады. Бұл ашытқыларға көп көңіл бөліну себебі, оларда ақуыз және В тобының витаминдерінің аса жоғары болуында.

Ашытқылардың құрғақ массасында ақуыз 50-60%, ал қайнатылғаннан соң қайта есептегенде 40-50% болды. Соңында ең маңыздысы ашытқыдағы ақуыз құрамында болатын лизин мөлшері аса көп болғандықтан, жоғарыда көрсетілгендей ұнда және нанда ақуыздың жетіспеуіне себеп болады. Сонымен қатар құрамында В тобының ви-

таминдеріне аса бай өнім болып табылады.

Қазіргі таңда нан және нанбөлішке өнімдеріне құрғақ (инстантты) ашытқылар қолданылады. Бұл ашытқылар сұйық ашытқыларға қарағанда тез көтерілу қабілетімен ерекшеленеді. Мысалы Иран-Австралиялық «Бірлік және Р» фирмасы ресейлік сауда-саттық нарығы табиғи шикізаттан алынған, сонымен қатар 17 түрлі витаминдер және минералды заттардың 9 түрінен алынған «Фирман» деген құрғақ ашытқы ұсынды. Олар барлық қара бидай, бидай ұнынан жасалатын нандарға қолданылады.

Нанды тұқым бүршіктерімен және желімшелі препараттармен байыту. Ұнды майдалауда және нан пісіру өндірістерінде арнайы ақуызды қоспаларды дайын өнімдегі ақуызды және басқа да алмастырылмайтын аминқышқылдарды күшейту үшін қолдану мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Бірқатар химиялық, сондай-ақ физиологиялық экспериментті зерттеулер мақсаты аминқышқыл құрамды және биологиялық ақуызға бай өнімдерді анықтау болып табылады. Яғни олар бидай, жүгері тұқымдары, сыра және азықтық ашытқылар, күнбағыс сығындысы және қытай бұршақ сияқты өнімдер.

Дән тұқымының құрамы бір жағынан ақуыз және витаминдерге бай, екінші жағынан жүгеріні өндегенде көп мөлшерде тұқым бүршіктері алынады, бұларды құнарлығы жоғары өнімдер ретінде азықтық пайдалану мүмкіндігіне көп көңіл бөлінуде.

Блок және Боллинг берген баға бойынша жүгері тұқымының ақуыз құрамы сүттің ақуызына қарағанда биологиялық құндылығы әлдеқайда құнарлы екенін көрсетті. Тұқым бүршіктерін сортты ұндарға қолдану кезінде қиындықтарға шалдықты, яғни оларда глютадиондардың көп болуының себебінен қамырдың жайылып, ағып кетіп, нанның структурасы төмендеді.

Грейв және Ле-Клерк көрсеткен нәтиже бойынша егер тұқымдарды қайталап суда бірнеше сағат жібітер болса, жақсы сапалы нан алуға болады.



Стили ландшафтного дизайна



**Куралай
Талгатовна
ЖАБАГИНА,
преподаватель
НАО «Университет
имени
Шакарима города
Семей».
г. Семей,
Восточно-
Казахстанская
область.**

Выбор стиля сада зависит от ландшафтных особенностей участка (его конфигурации, окружения, размеров) и определяется архитектурным стилем, в котором построены основные сооружения. Дадим характеристику некоторых наиболее распространенных стилевых направлений — как классических, так и современных.

Регулярный (формальный) стиль

Ландшафтные композиции выполненные в этом стиле, подразумевают правильное расположение элементов по отношению к заданной или главной оси, строгие геометрические формы элементов ландшафта. Деревья и кустарники сажают по квадратной, прямоугольной или шахматной схеме, при этом их необходимо стричь, придавая им форму различных трехмерных геометрических фигур (шар, эллипсоид, куб, пирамида, конус и т.д.). Водоемы так же имеют строго симметричную, обычно, прямоугольную форму, дорожки и аллеи должны быть прямыми, ровными и четкими.

Одним из главных элементов классического ландшафта является партер — композиция в горизонтальной плоскости, как правило, на значительном открытом пространстве. Название «партер» образовано из двух французских слов «par» и «terre», что значит «по земле». Партер может быть

газонным, цветочным и кружевным, в виде разноцветных узоров, выполненных из различных материалов, на основе все того же газона. Партерный газон это тема для отдельного разговора и подробнее о нем можно прочитать в соответствующей главе нашего сайта.

Цветочное оформление участка в регулярном стиле довольно лаконично и просто. Как правило, это одно или двухцветная кайма из низких однолетников, цветущих максимально продолжительное время (бархатцы, петунии, виола), либо бордюр из стелющихся растений с тщательным контролем за их ростом и обязательным отступом от края газона. Часто применяют контейнерную посадку растений. Контейнеры должны быть керамические, правильной формы и размещены в определенном ритме, и, опять же таки, по определенным симметричным схемам.

Сады в регулярном стиле часто обносятся высокими стенами или живыми изгородями, иногда эти элементы дизайна разграничивают зоны внутри участка. Во многих случаях, при расположении участка на склоне в оформление ландшафта включают многоуровневые террасы, соединяющиеся между собой лестницами, мостками и т.п. При их декорировании применяют скульптуры, фигурные кованые ограждения, контейнеры с цветами.

Ярким представителем регулярного ландшафтного стиля является сады Версаля, а так же значительная доля парков Парижа. Что касается нашей страны, то это садово-парковые ансамбли Петербурга и его окрестностей. Некоторые Московские усадьбы так же выполнены в регулярном стиле.

Итальянский стиль

Вариация на тему регулярного стиля. Это небольшой садик возле виллы или парк,



окруженный стеной или подстриженной живой изгородью. Поверхность итальянского сада разбита на простые геометрические формы диагональными или прямыми дорожками. Часто в центре композиции располагается водоем или фонтан, вокруг него цветники или замощенная площадка.

Пейзажный (ландшафтный) стиль

В различных, в том числе и литературных источниках, указывают, что пейзажный стиль зародился в Англии в XVIII веке. В то время, английские естествоиспытатели и натуралисты, принесли новые веяния культуры с Востока, что отразилось на литературе и живописи Англии, реализовав культурный скачок, приведший, в свою очередь, к формированию новых взглядов на ландшафтное проектирование. Английский пейзажный стиль — это не плод заимствованных с Востока идей, а самобытное явление английской культуры, воплощающее в себе представление о естественности и красоте мира, лиц его создававших. Более подробно, о возникновении пейзажного стиля в Англии, Вы можете прочесть на странице история садово-паркового искусства.

Данный стиль предполагает свободное, естественное расположение элементов ландшафта, прямолинейность, правильность форм и симметричность полностью исключается. Основным признаком английского ландшафтного стиля является отсутствие искусственности пейзажа и намека на его рукотворное происхождение. Часто используется «хаотичное», и то же время, тщательно продуманное расположение деталей и элементов. Обязательной чертой данного стиля является неровный рельеф местности с оврагами, искусственными и естественными возвышенностями, водоемами неправильных очертаний. Композиции создаются таким образом, чтобы при движении по дорожкам или тропинкам в поле зрения постоянно попадали скрытые еще секунду назад композиции — за каждым изгибом дорожки — новые впечатления и

неожиданные решения в искусстве создания ландшафта. Гармоничность в сочетании элементов является главным мерилем законченности пейзажа. Дорожки, расположенные на участке, должны иметь извилистую структуру, но повороты, при этом, не должны быть надуманными и резкими, материал дорожек — обязательно природного происхождения или имитирующий его. Данное положение хорошо согласуется с уже упомянутым и очень модным сейчас направлением, древнекитайским учением фен-шуй. В соответствии с положениями этого учения, плавно поворачивающие тропинки и дорожки являются великолепными проводниками благотворной энергии Ци, обеспечивающей гармоничное состояние человека, при его взаимодействии с окружающим миром. Плавность и извилистость линий должны присутствовать во всех элементах ландшафта — в плачущей форме деревьев, в природном камне и даже крыши домов не должны оставаться в стороне. Важную роль в ландшафтных композициях пейзажного стиля играют водные объекты, будь то пруд, ручей, небольшой водопад или каскад и даже декоративное болотце; главное, чтобы они, так же как и всё остальное выглядели максимально естественно.

При выборе растений для посадки, желательно использовать виды, которые являются естественными для той климатической зоны, где расположен Ваш участок. Однако, при создании тематических композиций, для придания пейзажу дополнительного колорита в средиземноморском, японском или любом другом стиле допустимо и даже необходимо высаживать растения, характерные для климата той части света, которая служит источником вдохновения дизайнера. Последнее, для Средней полосы России, часто представляется затруднительным, с точки зрения их зимовки и ухода за насаждениями.

Из примеров оформления ландшафта в пейзажном стиле, безусловно, выделяются



старинные Английские усадьбы. На территории бывшего Советского Союза некоторые крымские парки, стиль которых был позаимствован у Англичан, поскольку французский классический стиль планировки, в 30-е годы XIX века, в связи с наполеоновским нашествием, утратил свои модные позиции в мире ландшафтного проектирования.

Японский стиль

Мода на японские сады держалась в Европе довольно долго, да и сейчас интерес к этому стилю не ослабевает. Основы данного стиля позаимствованы японцами у китайцев, которые они далее развили в соответствии со своим миропониманием. Первые японские сады создавались мудрецами-философами. Они считали, что раскрытие тайн бытия заключено в познании природы и ее созерцании. Кроме того, японцы всегда поклонялись горам, водопадам и деревьям, ставя их в ряд таких же живых существ как человека и животных.

